Археологиялық зерттеулердегі дәстүр мен заманауи тәсілдер

Tradition and contemporary approaches in archaeological studies

Традиция и современные подходы в археологических исследованиях

ӘОЖ 902.904 (574)
МҒТАР 03.41.91

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2025.7.25

М. Қадырбаевтың Сарыарқаның шығыс өлкелеріндегі зерттеулері және қарамола типтес ескерткіштер

© 2025 ж. Бейсенов А.З.

Keywords: *Saryarka, Chingiztau, north-eastern Balkhash region, Kotanemel, Kayraktas, kurgans, Karamola type sites*
Түйін сөздер: *Сарыарқа, Шыңғыстау, солтүстік-шығыс Балқаш өңірі, Қотанемел, Қайрақтас, қорғандар, қарамола типтес ескерткіштер*
Ключевые слова: *Сарыарка, Чингизтау, Северо-Восточное Прибалхашье, Котанэмель, Кайрактас, курганы, памятники карамолинского типа*

A. Beisenov[1]
[1] *"Begazy-Tasmola" Research Center of History and Archaeology, Almaty, Kazakhstan*

Research of M. Kadyrbayev in the eastern regions of Saryarka and Karamola type sites

The article analyzes the archival materials of M. Kadyrbayev on the kurgans of the northeastern Balkhash region that he studied in 1967–1968 and raises the problem of the connection of these data with the sites of the Karamola type. Sites of this type (5th–3rd centuries BC) were identified by the burial mounds of the southeastern and southern regions of the Karaganda region, their main area is assumed to be the vast territory of the Chingiztau ridge. The first series of Karamola burials were investigated by M. Kadyrbayev in those years. On the initiative of A. Beisenov, a search was carried out for paleoanthropological materials from M. Kadyrbayev's excavations. A human skull was found in kurgan 4 of the Kayraktas burial ground, investigated in 1968, which made it possible to obtain one radiocarbon date. It is very important to accelerate the accumulation of archaeological data from Karamola type sites. Analyzing M. Kadyrbayev's materials on the north-eastern regions of Balkhash, the author emphasizes the need to organize a new study in the scientist's footsteps for the re-discovery of these burial grounds.
Source of funding: The publication was carried out within the framework of program-targeted financing of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2024–2026, project IRN BR24992951.
Citation: Beisenov, A. 2025. Research of M. Kadyrbayev in the eastern regions of Saryarka and Karamola type sites. *Margulan readings–2025,* 7–25 (in Kazakh).

А.З. Бейсенов[1]
[1]*«Беғазы-Тасмола» тарих және археология ғылыми-зерттеу орталығы, Алматы қ., Қазақстан*

М. Қадырбаевтың Сарыарқаның шығыс өлкелеріндегі зерттеулері және қарамола типтес ескерткіштер

Мақалада М. Қадырбаевтың 1967–1968 жж. солтүстік-шығыс Балқаш өңірінде зерттеген ескерткіштері жайлы архивтік материалы талданады және ол деректердің қарамола типтес ескерткіштерге қатыстылығы мәселесі көтеріледі. Қарағанды облысының шеткері оңтүстік-шығыс және оңтүстік өлкелерінде белгілі болып отырған, негізгі тобы Шыңғыстау жотасының төңіректерінде орналасқан деп пайымдалатын қарамола ескерткіштерінің (б.д.д. V–III ғғ.) ең алғашқы тобы М.Қ. Қадырбаевтың аталып отырған ізденістері барысында ашылған. Олар сол кезде усунь ескерткіштері ретінде қарастырылған. А.З. Бейсеновтың бастамасымен, ғалым сол жылдары қазған қорғандардың палеоантропологиялық материалдары іздестірілді. Оның барысында, 1968 ж. қазылған Қайрақтас қорымындағы 4-қорғаннан шыққан адам бассүйегі табылып, одан бір көміртегілік дата алынды. Қарамола типтес жерлеулер бойынша қазба деректері базасын тездетіп қалыптастыру өте маңызды болып отыр. М. Қадырбаевтың солтүстік-шығыс Балқаш өлкелеріндегі зерттеулерін талдай келе, автор ғалымның ізімен жаңа ізденістер ұйымдастырып, ондаған жылдар белгісіз қалған ескерткіштерді қайтадан ашу қажет деп санайды.
Қаржыландыру көзі: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2024–2026 жж. бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде, ЖТН BR24992951 жобасы аясында даярланды.
Сілтеме: Бейсенов А.З. 2025. М. Қадырбаевтың Сарыарқаның шығыс өлкелеріндегі зерттеулері және қарамола типтес ескерткіштер**.** *Марғұлан оқулары–2025.* 7–25-бб.

А.З. Бейсенов[1]
[1]*Научно-исследовательский центр истории и археологии «Бегазы-Тасмола», г. Алматы, Казахстан*

Исследования М.К. Кадырбаева в восточных районах Сарыарки и памятники карамолинского типа

В статье анализируются архивные материалы М.К. Кадырбаева об исследованных им в 1967–1968 гг. курганах Северо-Восточного Прибалхашья и поднимается проблема связи этих данных с памятниками карамолинского типа. Памятники такого типа (V–III вв. до н.э.) выделены по курганам юго-восточных, южных районов Карагандинской области, основным ареалом их предполагается обширная территория Чингизтауского хребта. Первая серия карамолинских погребений была исследована М.К. Кадырбаевым в те годы и трактовалась как усуньские. По инициативе А.З. Бейсенова осуществлён поиск палеоантропологических материалов из раскопок М.К. Кадырбаева. Найден человеческий череп из кургана 4 могильника Кайрактас, исследованного в 1968 г., что дало возможность получения одной радиоуглеродной даты. Очень важно ускоренное накопление археологических данных из памятников карамолинского типа. Анализируя материалы М. Кадырбаева по северо-восточным районам Прибалхашья, автор подчёркивает необходимость организации нового исследования по следам учёного для повторного открытия этих могильников.
Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНВО РК 2024–2026, ИРН проекта BR24992951.
Цитирование: Бейсенов А.З. 2025. Исследования М.К. Кадырбаева в восточных районах Сарыарки и памятники карамолинского типа. Маргулановские чтения–2025. С. 7–25. (на каз. яз.).

Кіріспе

Отандық археология ғылымы саласында, оның қалыптасуы мен дамуында ерекше орыны бар талантты зерттеуші М. Қадырбаев (1932–1982) өзінің қысқа өмірінде Қазақстанның түрлі өлкелерінде кең ауқымдағы ізденістер жасады. Ұсынылып отырған шағын мақалада ғалымның тек бір еңбегіне, оның үстіне бақайшақтап түгел талдау емес, аталып отырған тақырыпқа байланысты ғана тоқталамыз.

Сөз Мир Қадырбаевтың «Древности восточных районов Сары-Арка» деп аталған еңбегі жайлы [Кадырбаев 1968]. Бұл баспаға шықпаған, қазіргі күнде Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының архивінде сақталған материал. Аталмыш еңбекті талдай келе, осы жолдардың авторы оны құнды және Орталық Қазақстан, немесе нақты Шығыс Сарыарқа ғана емес, заманауи қазақ археологиясы үшін маңызды, алдымыздағы перспективалы ізденістерге жол ашатын бағдарлама санатындағы шығарма деп санайды.

Әуелі еңбекке жалпы шолу жасап өткен дұрыс болар. Ғалым «Сарыарқаның шығыс өлкелерінің көнеліктері» (осы және төмендегі аудармалар менікі – А.Б.) деп атаған жұмыс бес жылды, атап айтсақ 1964–1968 жж. қамтыған далалық ізденістердің есебі болып табылады. Бұл сол кездегі кеңестік экономика мен жалпы елдің өміріндегі жоспарлы бесжылдықтарға, олардың орындалуы мен қорытындыларына байланысты туындап отырған жүйеден шығады. Жұмысқа бізге беймәлім архивариустың қолымен «1968 жылдан ерте емес» деген белгі соғылған, бұл архивке тапсырылған уақытын көрсетеді. Демек, М. Қадырбаев бесжылдық есепті 1968 ж. соңында дайындап, оны ұйым ішінде таныстырған соң, тасқа басылып, түптелген еңбекті 1968/1969 ж. күзі–қысында архивке өткізген деу керек. Көлемі 102 бет. Кей тұстарына жақшалар қойылған, яғни кейбір маңызды суреттерді беру, оларға сілтемелер жасау бастапқыда ойда болса керек, бірақ сызба, сурет, фото сынды көрнекіліктер жоқ. Аталып отырған тақырыпқа байланысты дейтін себебіміз, мақалада архивтік материалдың мазмұнын түгел қарастырмай, М. Қадырбаевтың солтүстік-шығыс Балқаш өлкесіне қатысты деректері талданады және осыған тікелей қатысты қарамола типтес жерлеулер жайлы пікірлер ұсынылады.

Зерттеу деректері мен талдаулар

Мир Қадырбаев бұл бесжылдықта, яғни 1964–1968 жылдары Арқаның шығыс өлкелерінде ауқымды барлаулар және қазбалар жасаған. Аз жасаған талантты ғалымның шығармашылық өмірінде бұл қандай кезең?

Мир Қадырбаев Орталық Қазақстан археологиялық экспедиясының құрамында 1950 жж. ортасынан бастап жұмыс жасап, 1957 жылдан «қорғандар тобы» немесе «көшпелілер ескерткіштерін зерттеу тобы» деп шартты аталған жеке топты басқарды. Бұл топты жасақтау Ә. Марғұланның шешімі болатын. М. Қадырбаев осы топты басқара отырып, 1959 жылдан бастап Шідерті бойында кең көлемді қазбалар жасады. Тасмола мәдениеті осы тындырымды жұмыстың нәтижесінде іргелі ғылымда танылды.

М. Қадырбаевтың Шідертіге дейінгі материалдар негізінде дайындалған кандидаттық диссертациясы 1959 жылы қорғалды. Бұған 1959 жылдың жазынан бастап қолға алынған Шідерті деректері кірген жоқ.

1964 жылы Мир Қадырбаевтың жасы 32-де. Бұл жыл «Орталық Қазақстанның көне мәдениеті» [Маргулан и др. 1966] деп аталып, ішіне жеке бөліммен Тасмола кірген үлкен зерттеу монографиясының жазылып бітіп, талданып, баспаға беріліп жатқан кезі. Нақтылап өтсек, Шідертідегі бес жылдық көлемді және қауырт қазбалар да, әсіресе, олардың материалын өте тез арада талдау мен асқан ыждағаттылықпен зерттеу де аяқталған кез. Аталған монографияға кірген Шідерті деректері 1966 жылы шыққаны белгілі [Кадырбаев 1966].

Демек, біз қарастырып отырған еңбекке Шідертідегі ізденістер мен оны қорыту, баспаға беру ісі аяқталған соң басталған зерттеулер кіреді. Шығыс Арқаның өлкелерінде атқарылған жұмыс жайлы нұсқаулық мәліметтер берген Кіріспеден бөлек, еңбек төрт үлкен тарауды біріктіреді. Мұндағы үш тарауда өзі «солтүстік», «орталық» және «оңтүстік-шығыс» деп ат қойған үш топтағы, яғни үш өлкедегі барлаулар мен қазбаларды айтып өтеді, ал соңғы төртінші тарау «ескерткіштердің классификациясы мен хронологиясы» сауалдарына арналған.

Кіріспеде ғалым зерттеу тарихының кей тұстарын қамтиды, 1964–1968 жж. ізденістер атқарылған өлкелер, жалпы жұмыстар барысын айтады. Бұл жылдары бірнеше тарихи кезеңдерге жататын қорымдар зерттелген, сонымен қатар, мұндағы «басты назар б.д.д. I мыңжылдықтың соңына жататын ескерткіштерде болды» деп түсіндіріп өтеді [Кадырбаев 1968: 4]. Тасмола мәдениетінің екінші кезеңінің, сондай-ақ, жалпы б.д.д. I мыңжылдықтың екінші жартысы мен соңына жататын ескерткіштердің таралуы мен сипатын айқындау қазіргі күні де өте өзекті аспекті болып табылады [Бейсенов 2018; Beisenov 2024]. Шідерті қорытындыларын жаңа ғана аяқтап отырған М. Қадырбаев бұл аспектіні сол жылдары да жақсы байқағаны білініп тұр.

Бес жылдық көлемді барлау мен қазбаларды атай отырып, ғалым олардың барысын нақты жылдар бойынша атап өтеді.

1964 ж.: Қарағанды облысы Шет ауданындағы Нұраталды өзені алабының ескерткіштері.

1965 ж.: Павлодар облысы Баянауыл ауданы және Қарағанды облысы Қу ауданы ескерткіштері.

1966 ж.: Қарағанды облысы Шет ауданындағы Қызылқой қорымы және тағы да Қу ауданы. Бүгінгі күн мінберінен нақтылап өтсек, осы тұста, яғни 1964–1966 жж. Баянауылда және қазіргі Қарқаралы ауданына қарасты Қу өңірінде қорғантас типтес жерлеулер тобы зерттелді[1].

1967–1968 жж.: «кең ауқымды барлау маршруттары солтүстік және солтүстік-шығыс Балқаштың үлкен аумағын қамтып өтті». Жұмыстар нәтижесінде «қола дәуірінен кейінгі ортағасырлар кезеңіне» дейінгі аралықтағы ескерткіштер ашылды [Кадырбаев 1968: 4].

Зерттеуші жүріп өткен орасан зор ауданды, ондағы ескерткіштерді үш шартты топқа бөлген дедік. 1-ші топ «оңтүстік-шығыс» деп аталып, бұған айтылып отырған Балқаш көлінің солтүстік-шығысындағы қорымдар кірігізілген. 2-ші топ «орталық», Баянаул, Қарқаралы, Шет ескерткіштерін қамтиды. 3-ші топты «солтүстік-шығыс» деп атай келе, оған Шідерті маңының нысандарын жатқызады [Кадырбаев 1968: 5].

Бұлар ғалым өзі Арқаның «шығыс өлкелері» деп айтып отырған, яғни Шығыс Арқаның шартты аумағына, оның үстіне өзі жүріп өткен жерлерге қатысты «үш топ» екенін ескеруіміз керек. Айталық, 1-ші топты «оңтүстік-шығыс» деп атап отырғаны, ол Үлкен Шыңғыстауды түгел қарамаған, тек жотаның оңтүстік қанатын Балқаш көліне дейінгі аралықта жүріп өткен.

Сонымен, «тақырыпқа қатысты» аспект М. Қадырбаев оңтүстік-шығыс топ деп отырған ескерткіштерге байланысты болмақ. Бұл 1-топтағы нысандар есептің 1 тарауында көрсетіліп, олар жайлы қорытынды пікірлер соңғы 4-ші тарауда айтылады. Бұл топқа енген қорым-обалар қай өлке-мүйістерде және ол жерде қандай жұмыстар жасалған?

М. Қадырбаев экспедициясы 1967–1968 жж. «Балқаштың солтүстік-шығыс жағалауынан бастап Шыңғыстың оңтүстік шеткі сілемдеріне дейінгі» аралықты, ғалымның өз суреттеуі бойынша, «әлі күнге дейін нашар зерттеліп отырған, ауданы жағынан алып кеңістікті» жүріп өткен. Ғылыми этиканы берік ұстанған ғалым, осының алдында бұл жерлерде А.Г. Медоев болғанын, оның тас ғасыры ескерткіштері мен жартас суреттерін зерттеп өткенін айтады. Сонымен қатар, «Тесіктас пен Қотанемел бұлақтары маңындағы екі қорғандар тобын алғаш рет біздің назарымызға ұсынды» деп мәлімет береді. Қадырбаевтың «екі жылдық ізденістері» осы Тесіктас пен Қотанемелден бастау алған [Кадырбаев 1968: 6]. Демек, М. Қадырбаевқа археологтың аяғы баспаған осы бір шалғай аймақ жайлы, ондағы өзі көріп өткен алғашқы қорымдар жайлы мәлімет берген А.Г. Медоев. Жалпы, еңбектің атында тұрған «Сарыарқаның шығыс өлкелері» деген тіркес те Медоевпен екі арадағы сұхбаттан шыққан дей аламыз.

[1] Қорғантас бойынша, оның ішінде Ә. Оразбаевқа қатысты бір жаңа және маңызды факті жуырда Қазақ университетінде өткен «Оразбаев оқулары» конференциясы материалдарында аталды [қ. Бейсенов 2025].

Экспедициялық маршруттардың «ең жоғарғы нүктесі», демек, теріскей жақ шеті «Шыңғыстаудың оңтүстік-батыс сілемдері болған». Сонымен бірге, «Шыңғыстаудың орта бөлігіндегі тауаралық алқаптарға да бірнеше маршруттар жасалған». Шыңғыстың іші-сырты түгел қаралмаған.

Екі жылда М. Қадырбаев экспедициясы Балқаш көлінен Шыңғыс жотасына дейінгі аралықта жалпы саны «30 астам қорымдар мен қорғандар тобын» ашқан. Дені ерте темір дәуіріне жатады. «Балқаш маңы шөлейт зонасының» қорымдары «таулар мен ұсақшоқылардың бұлағы бар солтүстік және оңтүстік беткейлерінде» орналасқан. Қадырбаев өзі ашқан қорымдардың бірсыпырасын атап көрсетеді:

Тесіктас, екі қорым,

Қотанемел, төрт қорым,

Жалғызтау, Қайрақтас, Арқарлы, Жорға, Көксеңгір қорымдары,

Қарағұңгір, Түлкілі, Қызылтас, Ханжайлау және Шөладыр өлкелеріндегі жекелеген қорғандар.

Бұл Шыңғыстан алыстаған жерлер болса, Шыңғыстың «оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс сілемдеріндегі» қорымдар басқаша топографиямен таралған. Олар негізінен «Бақанас өзені жағалауларында, сондай-ақ, оның Құрыбақанас, Байқошқар, Әлпейіс, Көксала» сынды салалары бойында орналасқан. Қорғандардың үлкен топтары Аягөздің орта ағысына тән. Қоңыршәуліден батысқа таман жатқан алқаптарда ең ірі қорымдар бар, мұның ішінде құрамында 70 астам обалары бар екі үлкен қорым көзге түскен [Кадырбаев 1968: 5, 7].

Қотанемелді «Солтүстік Балқаштың өлі далаларының ішіндегі нағыз оазис» деп атай отыра, М. Қадырбаев мұнда «ең қызықты» ескерткіштер бар деп түйеді. Жотаның аумағын шамамен 5×2 км деп жобалаған зерттеуші, бұны екіге бөліп тұрған көк майсалы, бұлақтары бар, мойыл мен қарақат өскен алқапты айтады. Бұл жерде «екі андронов қорымы және төрт б.д.д. I мыңжылдықтың қорымы» табылған. Қола дәуірі материалдарын ескере отырып, осы өлкені М. Қадырбаев «Орталық Қазақстан қоласының ең қиыр оңтүстік-шығыс шеті» деп бағалайды [Кадырбаев 1968: 7]. 1975 ж. Ленинградта шыққан, Қотанемел ескерткіштеріне арналған мақаласында ол осыны қайталап өтеді [Кадырбаев 1975]. Бір айта кететініміз, М. Қадырбаевтың тура осы пікірін Кеңес Одағының танымал қола дәуірі мамандары есепке алып отырған [Потемкина 1983: 19].

М. Қадырбаев экспедициясы сөз болып отырған «1-ші топ» ескерткіштерінің арасында барлығы 7 қорымда қазбалар жүргізген. Олар: Қотанемел-1, Қотанемел-3, Жалғызтау, Құрыбақанас, Тесіктас-1, Тесіктас-2, Қайрақтас. Бұлардың екеуі, Тесіктас-1 мен Тесіктас-2, Қарағанды облысы Ақтоғай ауданында, қалғандары түгелімен Абай облысы тарихи Шұбартау өлкелерінде, қазіргі Аягөз ауданы аумағында. Мақалада ұсынылып отырған карта (1-сур.) М. Қадырбаевтың арақашықтықтарды болжамдап берген мәліметтері негізінде жасалды.

Осы жолдардың авторы жақын болашақта Қотанемел өңірлеріне барлау ұйымдастыруды жоспарлауда. Орындалып жатса, сөз жоқ, бұл картадағы мәліметтер жаңадан қарастырылып, кеткен алшақтық, қателер болса түзетіледі. Одан тыс, бұл жоспар іске асса, оқырманға ұсынылып отырған жалпы деректердің өзі, мәселен, М. Қадырбаевтың Шұбартаудағы ашқан басқадай қорымдары жайлы ақпарат нақтыланар, толықтырылар еді. Қазір сол жылдары зерттелген ескерткіштерге тоқталып өткен жөн.

Қотанемел-1 қорымы. Жотаның СШ шетінде орналасқан. Барлығы 20 құрылыстың алтауы қорған түрінде, 14-і қоланың сопақша пішіндес қоршаулары. М. Қадырбаев материалында қазылған ескерткіштерге қатысты үш қола қоршауы, ерте темірден бес нысан айтылады. Бесеудің екеуінде (7, 8-қорғандар) қабір жоқ. Қорған 1. Ең батыс шеттегі нысан. Овал пішіндес қабір бойлық, яғни С–О бағытта, топырақ аралас ірі тастармен толтырылған. Бір метр тереңдікте шұңқырдың ұзын бойында, екі жақта, яғни батыс, шығыс жақтарында кертпіш жасалған да, одан төменгі, ені



1-сур. М. Қадырбаев зерттеген қорымдар картасы. Дайындағандар Н. Жұманазаров, А. Бейсенов
Fig. 1. Map of the burial grounds studied by M. Kadyrbayev. Prepared by N. Jumanazarov, A. Beisenov
Рис. 1. Карта могильников, исследованных М.К. Кадырбаевым. Выполнили Н.Ш. Джуманазаров, А.З. Бейсенов

0,6 м болатын астыңғы тұсы ірі плиталармен жабылған. Қабір тоналмаған, бірақ шалқасынан созыла, басы С-ке қаратылған қаңқаның жанында бұйым жоқ. Қабірдің кей жерлерінен ағаш көмір қалдықтары кездесті. Енді екеуі, яғни 10, 13-қорғандар, андронов қоршауларының үстіне салынған. Алғашқысы қатты тоналған, зат жоқ, қабір де қатты бұзылған болуы керек, өйткені М. Қадырбаев қабір шұңқыры жайлы мәлімет жазбапты. 13-қорғаннан ертесақ кезеңінің ат әбзеліне қарасты 21 қола бұйым табылған. Жерлеу қоланың жәшігіне орналастырылып, ат әбзелдері плита жабыны үстіне қалдырылған. Бұл ертесақ кезеңінің белгілі ғұрыптық көмбе қалдыру дәстүрі. 15-қоршаудан андронов заманының төрт жәшігі ашылған [Кадырбаев 1968: 8–13].

Қорымдағы ерте темір нысандары тасмола мәдениетінің ерте сатысына қарасты. Қотанемел мен Жалғызтау ескерткіштеріне арналған мақалада [Кадырбаев 1975] зерттеуші бұл қорғандарды б.д.д. VII–VI ғғ. мерзімдеді. Тек Қотанемел-1 қорымындағы жерлеу ғұрпы жайлы нақты мәлімет жоқ бір нысан, қорған 10, есепке алынбаған. Жалпы қазылған нысандардың санына кіргеніменен, бұл оба мәдени ерекшелігі болжамданатын ескерткіштер қатарына саналмайды (төменде 1-кестені қараңыз). Қотанемел-1 қорымының 1-ші қорғанындағы қабірдің асты 1 м тереңдікте екі ұзын қабырғадан кертпіш қалдырылу арқылы жабылған. Тасмолада бар тәсіл. Айта кетсек, бұндай әдіс Баянауылдағы Қызылшілік қорымының ерте тасмолаға жататын 1-обасында кездескен болатын. Қарқаралы өңірі тұрғындарының адам жерлеу рәсімінде бұл ертеректе жиі кездесіп, 1970–1980 жж.

«жарма» деп аталып жүрді, себебі қабір асты ортада ұзынынан жарылып, екі қабырғадағы кертпішке сырғауыл, тақтай қою арқылы жабылатын. Кейінірек кертпіш жасау қалып, екі жанынан тас, қызыл кірпіш қалап, бетон плитамен жапты.

Қотанемел-3 қорымы. Қотанемел-1 тобынан 1 км оңтүстікке таман, екі сайдың түйіскен жеріндегі шағын алқапта орналасқан. Барлығы төрт қорғанның неғұрлым жақсырақ сақталған біреуі қазылған. 1-қорған. Тоналған, овал порымдас қабірдің бағыты С–О сызығында. Аяқ сүйектерінің жатысына қарағанда, мүрде басымен С-ке қарағаны анықталды. Сақталған заттардан тесігі бар тас қайрақ, ұзындығы 21 және 16 см екі сүйек шаштүйреуіш бар. Олардың бір шеті үшкірленген болса, екінші шеті төлке тәрізді жонылған. Есепті архивке тапсырмай тұрып, М. Қадырбаев осы екі бұйымды Алматыдағы Эксперименталды биология Институтына гистологиялық сараптамаға беріп, оның нәтижесін алып үлгерген екен. Аға ғылыми қызметкер В.Ф. Матвиенко екі шаштүйреуіш арқардың немесе сиырдың сүйегінен жасалған деген пікір айтқан [Кадырбаев 1968: 14]. Бұл қорымнан зерттелген бір нысан тасмола мәдениетіне қарасты.

Жалғызтау қорымы. Жалғызтау мен Қотанемел арасындағы қазаншұңқырда орналасқан. Жүйесіз және бірі-бірін алшақтау жатқан төрт қорғанның екеуі зерттелген – 1 және 14-ші. Алғашқысында Б–Ш бағытындағы қабір кездесіп, онда көлемі әртүрлі плиталардан құрастырылған тас жәшік ашылған. Тоналған. Аяқ сүйектерінің жатысы бойынша, адам басымен Б-қа қарата қойылған. Ұзындығы 21 см, қимада жұмыр, шеті домалақтанған ұштық түрінде темір шаштүйреуіш, темір пышақ бөлшегі, қойдың құйымшақ сүйегі бар. 4-қорғандағы қабір СБ–ОШ бағытында. Қабір шұңқырының жоғарғы тұсынан табылған жүген қапсырмасының (қола) бөлшегін М. Қадырбаев ертесақ кезеңімен, яғни б.д.д. VII–VI ғғ. мерзімдейді [Кадырбаев 1968: 15].

Жалғызтауда зерттелген екі нысанның біреуі, қорған 4, тасмоланың ерте сатысымен мерзімделеді. Екінші нысан, қорған 1, адам басын Б-қа қаратқан, қабірдің бас жағында қойдың құйымшағы, темір пышақ, шаштүйреуіш қоятын мәдени топқа қарасты.

Құрыбақанас қорымы. Баршатастан 50 км СБ қарай, Бақанастың саласы Құрыбақанас өзенінің оң жағалауындағы қорымда шашырай орналасқан, диаметрлері 5–35 м, биіктіктері 0,25–2,5 м сегіз қорған бар. Үшеуінің, яғни 2, 5, 6-шы қорғандардың оры бар. Бұдан барлығы бес нысан, 1, 3, 7, 8 қорғандар және 6-шы қорған жанындағы шағын үйінді зерттелді.

Қорған 3. Диаметрі 13 м, биіктігі 1,2 м. Стратиграфиясы бойынша екі бөлікке ажыратылады. Астыңғы үйінді қалыңдығы 30 см тас қабатымен жабылып, оның үстіне жоғарғы үйінді салынған, ол да үстінен тас қабатпен жабылған. Ұзындығы 2,3 м, ені 1 м қабір ендік сызығымен, яғни Б–Ш бағытта қазылған. Жабыны – тас плиталар. Басымен Б-қа қараған қаңқаның бас жағында темір пышақ сынығы бар [Кадырбаев 1968: 16]. Зерттеуші тура осындай жерлеу ғұрпы 1 және 8-обаларда кездескенін атап өтеді.

Диаметрлері 5 м болатын 7-оба мен 6-оба жанындағы үйіндіден Б–Ш бағытында қазылған қабірлерге жерленген бала қаңқалары ашылған. Демек, М. Қадырбаев деректері бойынша Құрыбақанас қорымындағы ересектерге қарасты үш нысан ғана емес, барлық зерттелген обалар бір ғұрып аясындағы ескерткіштерге жатады.

Құрыбақанас – диаметрлері 35 м-ге, биіктігі 2,5 м-ге баратын обалары бар маңызды қорым. Мұнда адам жерленген 4 оба (1, 3, 7, 8) мен бір бала жерлеуі бар шағын үйінді (мұны 6а деп атауға болады,– А.Б.) зерттелген. Мүрделер басымен Б-қа қаратылған мәдени нышанға біріккен бір топқа жатады.

Тесіктас-1 қорымы. Тесіктас тауынан 2 км оңтүстікке таман орналасқан қорым М. Қадырбаев болжамы бойынша Балқаш қаласынан СШ қарай шамамен 140 км жерде, сәл биіктеу қырда. Төрт қорған. Мұнда 1-ші қорған және 2-ші қорғанның жанындағы тас қоршау зерттелген. Қоршауда адам

жерлеуі жоқ, ал 1-ші қорғанда С–О сызығымен өтетін, қатты тоналған қабір ашылып, шашылған адам сүйектері ғана кездескен [Кадырбаев 1968: 17].

Тесіктас-2 қорымы. Таудан оңтүстікке таман 100 м жерде, шағын қыратта орналасқан, бес қорғаннан тұрады, оның үшеуінің жанында шағын үйінділер бар. Қорымның батыс шетіндегі 1-ші қорғандағы овал пішіндес қабір меридиан бағытында, тоналған, бетін жапқан плиталарда қалыңдығы жарты см күйе сақталған. Аяқ сүйектерінің жатысы бойынша, адам басымымен С-ке қарата жерленген. Шұңқырдың оңтүстік бөлігінде қойдың бассүйегі қалдығы және аяқ сүйектері табылған. 2-ші қорған шығысқа таман 12 м жерде. Көлемінде ғана өзгешелік бар, ал жерлеу ғұрпы бойынша алдыңғы обаның «көшірмесі болып табылады». Екі қорғанның арасындағы шағын тас үйінді зерттеліп, одан қабір шықпаған. 5-қорған қорымның солтүстік шетінде, диаметрі Б–Ш бағытта 9 м, С–О бағытта 8 м, биіктігі 0,3 м. Ұзындығы 3 м, ені 1,2 м тереңдігі 1 м қабір С–О бағытта қазылған. Қатты тоналған. Қабір түбінде қызыл охра іздері бар [Кадырбаев 1968: 18–19].

Тесіктастағы екі қорымнан тасмола мәдениетіне қарасты төрт оба зерттелген. Тесіктас обалары бойынша М. Қадырбаев төрт ерекшелікті атап өтеді:

- тас жабында күл түріндегі от іздері бар;
- қабірлер бір типтес, С–О бағытында;
- мүрделер шалқасынан созылған күйде, басымен С-ке қарата жерленген;
- қабірдің оңтүстік жағында қойдың басы мен аяқ сүйектерінің болуы осы обалардың ғұрыптық ерекшелігіне жатады.

Аталып отырған белгілеріне сүйене отырып, зерттеуші Тесіктас-1, Тесіктас-2 қорымдарын тасмола мәдениетінің екінші сатысына жатқызып, б.д.д. V–III ғғ. мерзімдейді [Кадырбаев 1968: 19].

Қайрақтас қорымы. 1967 ж. ашылып, 1968 ж. қазбалар жасалған қорым Қайрақтас тауының шығыс етегіндегі алқапта орналасқан. М. Қадырбаевтың қашықтықты жобалап берген мәліметі бойынша, қорымнан шығысқа қарай 17 км жерде Арқарлы кенті бар, ал Қотанемел тауы оңтүстік–шығыста, шамамен 40 км тұста.

Қорым солтүстіктен оңтүстікке қарай доғаша иіле тізілген 12 обаны біріктіреді [Кадырбаев 1968: 19–20]. Олардың көбіне үсті 20–30 см тас, асты топырақ үйінділер тән. Ең үлкен бес қорғанның батыс сыртында 2–3 тас шеңберлер бар, мұның әрқайсысы 4–6 тастан құралған. 3-ші қорғанның ОБ сыртында ортасында тас жәшігі бар шағын үйінді бар. Қазба барысында мұның астында қабір жоқ екендігі анықталды. Осы оба, сондай-ақ, 4-ші оба маңындағы аталған шеңберлерден бірнешеуі қазылып, одан құрбандық қалдықтары, от табы байқалмады. 1 және 2-ші обаның үйіндіден 4–5 м қашықтықта айнала өтетін дөңгелек тас қоршаулары бар. Қорымнан барлығы сегіз қорған қазылған.

М. Қадырбаев зерттеген Қайрақтас қорымының 4-қорғанынан шыққан бассүйек табылып, осы жолдардың авторы одан бір көміртегілік дата алған болатын. 60 жылға жуық уақыт бұрын ашылып, зерттелген жеті қорымның ішінен осы Қайрақтастан көп болмаса да өте маңызды, қорғандардың мерзімін нақтылайтын тың дерек алынуы себепті, бұл ескерткіштердің ерекшеліктеріне кеңірек тоқталу қажет.

Қорған 1. Шамалы топырақ араласқан тас үйінді диаметрі 10 м, биіктігі 1 м, сыртында жалпағынан қойған екі қатар тастан түзілген үлкен қоршау бар. Өлшемдері 1,9×0,8 м овал қабір ендік бойымен, яғни, Б–Ш сызығымен бағытталған, жабыны ірі тас плиталардан. Арқасына созыла жатқызылып, басымен Б-қа қаратылған мүрденің сол қолы мен жамбасы арасынан порымы қатарласқан екі таутеке басын беретін, бірге құйылған тілі бар қола тоға табылды. Қаңқаның оң жағында, бел тұсында қойылған ұзындығы 32 см темір ақинақ нашар сақталған. М. Қадырбаев қанжардың сақталу деңгейіне байланысты оның ұштығы мен балдағының ерекшеліктерін анықтау қиын екенін атай келе, қаруды Бесшатырдан табылған, б.д.д. V ғ. мерзімделетін ақинаққа жақын

деп болжамдайды [Кадырбаев 1968: 20]. Еңбектің қорытынды бөлімінде зерттеуші қола тоғаны да, темір ақинақты да б.д.д. V–III ғғ. мерземдейді [Кадырбаев 1968: 82].

Ақинақтың үстінде жатқан дөңгелек қола жапсырманы айта келе зерттеуші оның андронов заманында кең тараған осындай бұйымдарға жақын екенін нақтылайды, тек олардан айырмашылығы, бұның артында бірге құйылған көлденең ілмек-тілі бар. М. Қадырбаев жапсырманың ақинақты белдікке ілу үшін қолданылғанын, яғни оның бекіткіш қызметін көрсете келе, мұның Қазақстан сақ дәуірі ескерткіштерінен осыған дейін кездеспегенін айтады.

Қорған 4. Оңтүстіктен санағанда төртінші нысан. Диаметрі 12 м, биіктігі 1,2 м үйіндінің үсті тас, дәл төбесінде топырақ араласқан. Ендік бағыттағы (Б–Ш), порымы тікбұрышқа жақын қабірдің өлшемдері 2,7×1,1 м, тереңдігі 1 м, тас плиталармен жабылған. Шалқасынан ұзын бойымен созыла, басы Б-қа қаратыла қойылған қаңқа, бассүйектің тігістері түгел бітіп кетуіне қарағанда, кәрі адамдікі болуы керек. Қабірдің батыс шеті бос қалдырылған. Яғни адамның бассүйегі мен шұңқырдың батыс қабырғасына дейін ашық жер бар. Бұл ғұрыптық кеңістіктің өлшемін нақтылай келе, М. Қадырбаев «қабір ұзындығының үштен біріне тең» деп сипаттайды. Соған қарағанда, ғұрыптық алаңқайдың ұзындығы шамамен 80–90 см болуы керек. Зерттеуші арнайы қалдырылған кеңістікке қойылған заттарды атап өтеді: қимада жұмыр қола шаштүйреуіштің бөлшектері, қойдың құйымшағы мен ұзындығы 20 см темір пышақ, сондай-ақ, қоңырқай түсті, аласа мойынды, бүйірлері сфера порымдас, «Жетісудың сақ-усунь қышына ұқсас» ыдыс. Түбі дөңес болуы ықтимал, бірақ, нашар сақталғандықтан кесіп айту қиын [Кадырбаев 1968: 21].

Қорған 5 алдыңғыдан 33 м солтүстікте. Диаметрі 12 м, биіктігі 1,8 м. Үйінді құрылымы алдыңғымен бірдей. Бұл биіктігі жағынан қорымдағы екінші нысан. Ендік бойымен бағытталған қабірдің өлшемдері 2,5×0,8 м, тереңдігі 1,1 м, батыс жағы тікбұрышты келсе, шығысы овал пішіндес. Шұңқыр төрт үлкен плитамен жабылған. Шалқасынан созылған күйде, басы Б-қа қаратыла кәрі адам жерленген. Бассүйек құлаған плита салмағымен жаншылған. Алдыңғы қорғандағыдай, мұнда да қабірдің батыс шетінде ғұрыптық кеңістік бар, тек өлшемі алдыңғыдан кішілеу. Бұл жерде, бассүйектің артында бүйірі сфера тәрізді, түбі дөңес, жақсы сақталған қыш ыдыс қойылған. Оның сыртында біріншісі ірі малдың жілік сүйегінен, екіншісі мүйізден қиылған екі бұйым бар. Батыс іргенің оңтүстігіне таман қойдың құйымшағы мен темір пышақ орналасқан.

Қорған 6. 4-ші қорғаннан (мүмкін 5-қорғаннан ба, – А.Б.) солтүстікке қарай 63 м жерде. Диаметрі 9,5 м, биіктігі 0,5 м. Үйінді топырақ құрамды, бетінде сиректеу тас қабат бар. Өлшемдері 1,9×0,8 м, тереңдігі 1,5 м қабір бойлық бағытында, тоналған. Шашылған адам қаңқасының жоғарғы тұсының сүйектері орнында сақталған да, бұған қарағанда мүрде басымен С-ке қаратылған. Солтүстік іргеден қатты шіріген темір пышақ бөлшектері табылды. М. Қадырбаев осы қорымда зерттелген ескерткіштер арасында бұл обаның тасмола мәдениетінің екінші сатысына тән мәдени белгілерін беретін жалғыз нысан екенін айтады [Кадырбаев 1968: 22].

Қорған 8. Тізбектің солтүстігінен санағанда екінші нысан. Диаметрлері: С–О бағытта 9 м, Б–Ш сызықта 8 м. Биіктігі 0,8 м, тереңдігі 1 м. Ендік бағыттағы қабірде шалқасынан созыла жатқызылған, басымен Б-қа қараған мүрденің бас жағында темір пышақ бөлшектері табылды.

Қорған 9. Солтүстік шетте орналасқан. Диаметрі 9 м, биіктігі 0,5 м. Жерлеу ғұрпы алдыңғы обамен бірдей. Қабірдің бас жағында темір пышақ, қойдың құйымшағы бар.

10, 11-обалар 7, 8-ші обалардың арасында орналасқан. Бұлардың жерлеу ғұрпы алдыңғы нысандардікімен бірдей, тек көлемдері шағындау.

Қайрақтаста М. Қадырбаев сегіз қорған қазған. Бұлардың тек біреуін, 8-ші қорғанды, ол тасмолаға жатқызады, қалған барлығы қабірлер ендік сызығымен өтетін, мүрделер басымен Б-қа қаратылған, қабірдің бас жағындағы ғұрыптық кеңістікте темір пышақ, қой құйымшағы, «сақ-усунь қышына жақын» ыдыс бар мәдени топқа қарасты.

Келтіріп отырған деректі қорытар болсақ, М. Қадырбаев экспедициясының «солтүстік–шығыс Балқаш өлкелеріндегі» 1967–1968 жж. жұмыстары барысында өзі атап өткендей 30-ға жуық қорым ашылған және жеті қорымда 23 жерлеу нысаны қазылған екен. 22 обаның мәдени ерекшелігі болжамданады. Мұндағы обалар жерлеу ғұрпы бойынша былай бөлінеді: 9 нысан тасмола мәдениетіне қарасты, 13 нысан осы жолдардың авторы қарамола типіне жатқызатын жерлеулер (1-кесте).

1-кесте – Солтүстік-шығыс Балқаш өңірлеріндегі М.Қ. Қадырбаев зерттеген қорымдар деректері. Құрастырған А.З. Бейсенов ([Кадырбаев 1968] бойынша)
Table 1 – Data from the burial grounds of the Northeastern Balkhash region, studied by M. Kadyrbaev. Compiled by A. Beisenov – after – Kadyrbaev 1968
Таблица 1 – Данные могильников Северо-Восточного Прибалхашья, исследованных М.К. Кадырбаевым. Составил А.З. Бейсенов (по: [Кадырбаев 1968])

№	Зерттелген қорым аты	Қазылған нысан саны	Тасмола мәдениеті	Қарамола типі
1	Қотанемел-1	3	2, ерте саты	–
2	Қотанемел-3	1	1, ерте саты	–
3	Жалғызтау	2	1, ерте саты	1
4	Құрыбақанас	5	–	5
5	Тесіктас-1	1	1, кейінгі саты	–
6	Тесіктас-2	3	3, кейінгі саты	–
7	Қайрақтас	8	1, кейінгі саты	7
	Барлығы:	22	9	13

Тасмолаға қарасты 9 обаның барлығында бойлық бағытымен, яғни С–О сызығымен өтетін қабірлер бар. Тесіктастағы обалар, сонымен қатар, қабірге қойдың басы мен аяқтарының қойылуымен де көзге түседі.

Бұл екі белгінің тасмолаға қатыстылығы күман туғызбайды [Кадырбаев 1966]. Мұнда, айта кететін маңызды бір жайт бар. Осы жолдардың авторы 1990-шы жылдардың ортасына қарай С–О сызықтағы қабірлердің, жерленген адамның басымен С-ке қаратыла қойылуының ең алдымен тасмола мәдениетінің шідерті тобына қатысты екендігі жайлы пікірді атаған болатын [Бейсенов 1997].

Қабірге қойдың басы мен аяқ сүйектерінің қойылуы да осы солтүстік, яғни шідерті тобындағы обалардың ерекшелігі болып табылады. Тасмоланы түгел талдау бұл мақаланың мақсаты аясына кірмейді, бір айтарымыз, Қазақ қыратының (Казахский мелкосопочник) орталық таулы өлкелерінің қорғандары М. Қадырбаевтың зерттеулері кезінде белгісіз, кейіннен ашылып отырған топты құрайды. Үлкен, күрделі үйінділер, дромосты жерлеулер, мүрденің басы Б, СБ-қа қаратылуы осы топқа тән.

Талданып отырған архивтік еңбекте зерттеуші жеті қорымды қазу барысында кездескен тасмолалық жерлеулерді аталып отырған шідерті қорғандарымен байланыстырады. Бұл және де оңтайлы, яғни дұрыс шешім.

Тек қазба барысында алынған мәліметтерге арқа сүйеп қоймай, М. Қадырбаев өз мақаласында [1975] Қотанемел мен Шідерті қорғандарынан шыққан қола бұйымдардың сараптамасы нәтижелерін жариялаған және оларды өзара мұқият салыстырған. Осының барысынды ғалым Қотанемел мен Шідерті қоласы құрамдық, яғни рецептура жағынан өзара етене жақын екенін дәлелдейді. Бұл сол кезде маңызы жоғары, қазір де күшін жоймаған факті. Осыларды айта келе ол сонау Шідерті тасмоласы аясындағы тұрғындар ертесақ кезінде қола рудасын солтүстік-шығыс Балқаштағы

Саяқтан алып отырған деген шешімге келген: Шідертіге баратын руданың «500 шақырымдық жолы» осы Саяқтан басталған.

Ол кезде, яғни 1967–1968 жж., Шідерті маңындағы Бозшакөл кеніші археология ғылымында белгісіз болатын. Қазір болса, жаңа ашылымдар мен деректерді есепке алатын уақыт.

М. Қадырбаев Қотанемелді талдай келе, Солтүстік Балқашта тау-кен кәсібі «кем дегенде б.д.д. II-мыңжылдықтың соңынан бастап дамыған» деген қорытындыны айтып өтті [Кадырбаев 1975: 132]. Ол геолог Д.Х. Хайрутдиновтың Қотанемел, Қызылтас, Қалмақемел, Тесіктас, Итмұрынды, т. б. өлкелерден бір топ көне кен қазбаларының орнын ашқанын есепке алды. Тек қана Тесіктас телімінен геолог 21 кен қазбасының орнын тіркеген, сондай-ақ, көлемі 0,2 мм болатын мыс тамшылары бар шлактар, ежелгі тау-кен ісіне қатысты тас құралдар тапқан [Кадырбаев 1975].

Мұның бәрі кеңінен қарастыратын ауқымды тақырыпқа кіреді. Шұбартау-Балқаш өлкелеріндегі көне мәдениет куәгерлерін шолып шығудың өзі ауқымды болар еді. Ол қолға алынып жатса, геологтар деректерін, А.Г. Медоевтың материалдарын [1961; 1966] саралап, көп нәрсені талдау қажет болады.

Қотанемел-3 қорымының қазылған жалғыз обасынан табылған екі сүйек түйреуішке келейік. Бұнда екі сүйек шаштүйреуіштің бас жақтары жонылғанына назар аудару қажет. Сүйектен жасалған тасмола шаштүйреуіштерінің басы фигуралы ұштық түрінде шығарылып отырғаны белгілі. Мұның ішінде құс тұмсығы [Кадырбаев 1966; Бейсенов и др. 2015: цв. ил. 4, *2, 4*] сияқты немесе одан күрделі шешімдегі [Бейсенов и др. 2015: цв. ил. 4, *6*] ұштықтар бар. Сонымен қатар, сүйек түйреуіштің бас жағы жіңішкере жонылып, оған метал ұштықтар кигізу де болған. Шерубай қорымынан шыққан алтын ұштықты түйреуіш мұны жақсы айғақтайды [Бейсенов и др. 2015: цв. ил. 4, *5*].

Осыған қарағанда, М. Қадырбаевтың зерттеулері барысында Қотанемел-3 қорымынан табылған екі түйреуіштің метал ұштығы болған тәрізді. Олар сақталмаған ба, жерлеу алдында оны шешіп алған ба, бұл белгісіз.

Келесі топтағы 13 оба бүгінгі қарамола типіне жатады. М. Қадырбаев 1968 ж. аяқтаған архивтік еңбегінде сол кездегі материал барысына сәйкес оларды усунь ескерткіштеріне жатқызды. Және де Шұбартау-Балқаш аймағы, өз айтуы бойынша «Қотанемел мен Шыңғыстау аралығындағы» өлкелер, «б.д.д. III–II ғғ. усунь тайпалық топтары мен тасмола ұрпақтарының өзара тығыз қарым-қатынастарының зонасы» болды деп қорытты [Кадырбаев 1968: 84].

Сол кезде бұл айтып өтуге болатын тек жалғыз ұсыныс еді. Оның алдында бес жыл бұрын ғана жарияланған Іле бойындағы усунь қорымдары материалдары [Акишев, Кушаев 1963] көпшіліктің үлкен назарында болатын. К. Ақышев пен Г. Кушаевтың Жетісу бойынша шығарған монографиялық еңбегі сол тұста да, қазір де аса маңызды, үлкен қорытынды болып табылады. Кітаптың екінші бөлімінде усунь қорғандарының археологиялық деректері сипатталды. Көне жылнамалардан танымал ежелгі үйсіндерге қатысты ақпараттың бұл археологиялық баламасы еді және ол отандық мамандар тарапынан тұңғыш рет ғылыми деңгейде қарастырылып, қорытылған болатын. Г.А. Кушаев усунь ескерткіштерінің ерте сатысын б.д.д. III–II ғғ. жатқызды. Осыған сәйкес М. Қадырбаев өзі ашқан екінші топтағы нысандарды осы кезеңмен мерзімдей алды.

М. Қадырбаевтың архивтік еңбегіндегі екінші топтағы обаларға, ең алдымен олардың датасына қатысты, ғалым амалсыздан аттап кеткен қарама-қайшылықты оқырман назарына салу керек. Еңбектің қорытынды тарауында зерттеуші Қайрақтас қорымы, 1-обадан табылған таутеке бейнелі қола тоға мен өзі «Бесшатыр типтес» деп атаған темір ақинақты б.д.д. V–III ғғ. жатқызды [Кадырбаев 1968: 82]. Бұл пікір екінші топтағы нысандарды б.д.д. III–II ғғ. усунь тайпалық топтары деген шешіммен үйлеспейді. Мыңжылдықтың соңына таман неғұрлым жақындата түсу үшін зерттеуші ақинақтың мерзіміне III-ғасырды қосқан болуы керек, оның өзінде бұл меже қорғандарға байланысты аталып отырған датаға бәрібір келмейді.

Бұл жайтты М. Қадырбаевтың қателігі деуге негіз жоқ және бұл жерде екі нәрсені атап өту қажет. Біріншіден, жерлеу ғұрпы бойынша, мәселен, қабірдің бас жағында үлкен кеңістіктің бос қалдырылуы, онда қой құйымшағы мен темір пышақ, темір түйреуіш, «сақ-усунь типтес» ыдыстың болуына сәйкес, зерттелген екінші топ нысандары расында да ерте усунь сатысы обаларына тым жақын. Олардың сол кезде жарияланған, талқыланған датасынан аттап кетуге болмады. Ал аталып отырған екі бұйымның да датасы ерте усунь сатысынан ертерек екені сол кезде байқалған. Сондықтан, ғалым бұйымдардың датасын б.д.д. V–III ғғ. жалпылама мерзімдеп берген. Екіншіден, біз талдап отырған материал ресми жарияланым емес, бесжылдық есеп. М. Қадырбаев бұл жайтты әлі зерттей түсуді ойланған да болар. Шұбартау даласына тағы барып, зерттеулерді жалғастырар болса, ол жаңа бір шешімге де келер ме еді, кім біледі. Бірақ, бұл маңызды ізденістерді жалғастыру М. Қадырбаев тағдырына жазбаған. Талантты зерттеуші, аға буын әріптесіміздің аяқталмай қалған бір аспектісі осы Шұбартау бойынша айтқан ойлары болар.

Өзі атап кеткендей, «нашар сақталған» ақинақтың сурет-фотосы осы жолдардың авторына кездеспеді. Өте қызықты бұйым қола тоға (2-сур.) да сол кезде жарияланбай қалған. Оның алғашқы фотосы он жыл соңыра, 1977 ж. шыққан И.В. Яценконың еңбегінде көмескілеу рәуіште жарияланды [Яценко 1977: 81, № 48]. Мұнда тоғаның өлшемі 5,3×3,5 см деп беріліп, М. Қадырбаев қазбасы екені айтылып өтеді.



2-сур. Қайрақтас, қорған 1. Қола тоға ([Королькова 2006: 49-кесте, *13*] бойынша)
Fig. 2. Kayraktas, kurgan 1. Bronze buckle – after – Korolkova 2006: table 49: *13*
Рис. 2. Кайрактас, курган 1. Бронзовая пряжка (по: [Королькова 2006: табл. 49, *13*])

«Өнер туындылары кеңес археологтарының жаңа ашылымдарында» деген атпен Мәскеуден шыққан осы кітаптың соңында, 206-бетте, Қайрақтастан табылған қола тоғаға байланысты «тұңғыш рет жаряланауы» деген ақпарат тұр. Бұйымды бұл авторға М. Қадырбаевтың өзі көрсетіп, фотосын, өлшемін берді ме, әлде тиісті деректі Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтынан ғалымның қатысуынсыз жоғарыдан алдырды ма, ол белгісіз. Кітапта Қазақстанның

көне ескерткіштері табылымдарына байланысты көптеген фотосуреттер бар. Бұдан соң Қайрақтастан шыққан осы тоға фотосы Е.Ф. Королькованың 2006-шы ж. монографиясында қайталап берілген [Королькова 2006: 216, табл. 49: *13*), автордың сілтемесіне сәйкес, ол И.В. Яценконың еңбегінен алынған. Тоғаның ұсынылып отырған мақалада келтіріп отырған фотосы (2-сур.) Е.Ф. Королькова кітабынан алынып отыр. И.В. Яценко да, Е.Ф. Королькова да таутеке бейнелі бұл тоғаны б.д.д. V ғ. мерзімдейді [Яценко 1977: 81; Королькова 2006: 247]. Сақ әлемінде кең тарағаң бейнені беретін тоғаның осы датасы көңілге қонымды.

Архив материалынан көріп отырған аталмыш «қарама-қайшылық» екінші топтағы қорғандардың М. Қадырбаев ұсынған датасы мен сол обалардан шыққан екі бұйымның датасы арасындағы осы сәйкеспеушілікті айтып тұр.

Бұл Шұбартау-Балқаш аймағына екі жыл уақыт арнаған, бірақ зерттеулерін аяқтамаған ғалымның қателігі емес, нақтылай алмай кеткен бір сауалы. Екінші топтағы қорғандар б.д.д. III–II ғғ. емес, одан анағұрлым ерте уақытқа баратынын, олар аумағы аса ірі кеңістікті алып жатқан тұтас этникалық массивті, усунь ареалынан мерзімдік қана емес, территориялық тұрғыдан да тыс, жеке археологиялық мәдениетті беретінін ол кезде пайымдаудың өзі мүлдем қиын еді. Мәселенің негізгі шешімі датада жатты, ал оны нақтылап беретін көміртегілік сараптама сынды арнайы мүмкіндіктер әлі жоқ-тын.

Осы жолдардың авторы тарапынан М. Қадырбаев экспедициясының палеоантропологиялық материалдар іздестіріліп, ол шағын да болса, маңызды бір нәтиже берді. Бұған Қарамола қорымы материалдарын сараптау барысындағы сауалдардың түрткі болғанын атап айтуымыз керек. 2013 ж. Қарағанды облысының қиыр шығысында, яғни Шұбартауға жақын өлкесінде Қарамола обалары қазылып, жерлеу ғұрпының қабірдің ендік сызығында өтуі, қабірдің батыс шетіндегі үлкен бос кеңістік, қола шаштүйреуіштер, үйіндінің ерекшеліктері ([қ. Бейсенов 2014]) сынды сипаттары анықталды. М. Қадырбаевтың талданып отырған архивтік еңбегі 1989–1990 жж. бері осы жолдардың авторына жақсы таныс болатын. Қарқаралы өлкесінің ОШ шетіндегі Қарамола қорымы Қайрақтастан С, СБ тарапқа қарай ары кетсе 70–80 км жерде. Қарамола материалын талдау кезінде ең алдымен келген ой осы Қайрақтас, Қотанемел обалары болатын. Сәйкестік тым анық байқалатын еді.

Зерттеу аясына тартылған Қарамола қорымындағы, сондай-ақ бұның маңындағы Қарамола-2, Қарамола-3, т. б. қорымдардағы обалардың орналасу жүйесі мен үйінділердің сипаты да Шұбартау ескерткіштеріне жақын. Оры немесе сыртқы шеңбер-қоршауы бар обалар, олардың батыс тараптарында шағын ұрыптық құрылыстардың болуы осыған жатады. Қарамола қорымымен мәдени тұрғыдан бірігетін Тасарал-3 туралы да осыны айта аламыз. Қарамола қорымындағы қазба барысында алынған деректердің сол сәтте-ақ Шұбартау ескерткіштерін еске түсіруінің реті бар еді. Қарамола типтес ескерткіштерге неғұрлым кең, ұзын қабірлер тән. Қабірдің ұзын болып қазылуы оның батыс шетіндегі арнайы бос кеңістіктің болуына байланысты. Бұл кеңістік өлген адамның соңғы сапарына арнап салынатын тағамды, яғни сусын құйылған ыдыс, пышақпен бірге салынатын қой құйымшағын орналастыру үшін жасалады. Бұл қарамола типтес ескерткіштерді бір жағынан Жетісудың усунь қорғандарына, екінші жағынан Ресейдің далалық Алтай өлкесіндегі обаларға жақындатады (бұл туралы толығырақ қ.: [Beisenov 2024; Шульга 2003]). Қайрақтастағы 4-қорғандағы марқұмға арналған тағам салатын кеңістіктің өлшемін М. Қадырбаев «қабір ұзындығының үштен біріне тең» дейді. Қабір ұзындығы 2,7 м болса, арнайы кеңістіктің ұзындығы 80–90 см болмақ. Қарамола қорымындағы 3-обада қабір ұзындығы 3,65 м де, тағамға арналған орынның ұзындығы 1 м асады. Ал 6-обада сәйкесінше 3,05 м және 0,75 м.



3-сур. Қарамола қорымы, 3-оба. Д. Дүйсенбайдың фотосы
Fig. 3. Karamola burial ground, kurgan 3. Photo by D. Duisenbay
Рис. 3. Могильник Карамола, курган 3. Фото Д. Дуйсенбай

Жоғарыдағы Қарамола қорымының 3-обасы бейнеленген 3-суретке назар аударайық. Нысанның цифрлармен көрсетілген элементтері (3-сур.: a, b) оның құрылымдық ерекшеліктерін нақтылайды. Сыртында үлкен оры (1) бар қорғанның топырақ үйіндісінің (2) еңіс шеттері ұсақтау таспен (3) көмкерілген. Топырақ астында үлкен тас (4) құрылыс бар, оның астында түсі мен құрамы бөлек, құмайт топырақтан жасалған тағы бір шағын үйінді (5) бар. Сыртқы топырақ үйінді шетінен айнала үлкен бекітпемен (6) қоршалған. Мұнда бізді қызықтыратын құрылымдық элемент ол астыңғы үйінді. Қорған жай ғана бірнеше қабаттардан емес, екі үйіндіден тұрады. Қабір үстіне

алғашқы үйінді (5) жасалып, ол тас қабатымен (4) жабылған. Сосын барып, мүмкін біраз уақыт өте, қорған екінші үйіндімен толықтырылған. Тас қабаттың шетінде айналдыра салынған ішкі бекітпе де бар.

Шұбартауда мұндай жағдайды М. Қадырбаев та байқаған сыңайлы. Құрыбақанас қорымындағы 3-қорған екі стратиграфиялық бөліктен тұрады. М. Қадырбаев «астыңғы үйіндіні» атап өтеді, ол қалыңдығы 30 см тас қабатпен жабылған. Осының үстіне екінші, яғни үстіңгі үйінді тұрғызылған. Қарамоладағы 3-қорған мен М. Қадырбаев зерттеген Құрыбақанастағы оба екеуі бір типтес құрылымды беріп отыр. Қорған құрылымынан тек жай төменгі қабат емес, тұтас астыңғы үйіндінің ажыратылуы жалпы кейінгі сақ заманына тән болуы керек, бұл, мәселен, Жетісуда, Алматы маңындағы обаларда бар сияқты. Қайткен күнде, аталып отырған ерекшелік қарамола типтес жерлеулерде, оның ішінде үлкендеу обаларда бар.

2013 ж. соңына таман Ұлыбритания зертханасынан Қарамола обаларының көміртегілік даталары алынып, нысандар б.д.д. IV–III тұсымен мерзімделді, калибрлеудің неғұрлым ықтималды мағынасы – IV ғ. бірінші жартысы. Сондай-ақ, сол кезде шыққан мақалада зерттелген ескерткіштердің бұдан ерте кезеңге, атап айтқанда, V ғ. баруы мүмкін екендігі алдыға тартылды [Бейсенов 2014: 77].

Қарамоланың Шұбартау қорғандарына мәдени тұрғыдан етене жақын екендігі анықтала түра, оларды, яғни Қарамола ғана емес, Шұбартау ескерткіштерін де М. Қадырбаев айтқан ерте усунь сатысымен межелеуге болмайтыны бұдан былай анық еді.

2013 ж. аяғы мен 2014 ж. басында М. Қадырбаев экспедициясының палеоантропологиялық материалдары іздестіріліп, екі бассүйек табылды. Сәті түскенде, оның бірі Шет ауданынан зерттелген, ерте тасмолаға қарасты Қызылқой қорымынан болса, екіншісі – біз атап отырған Қайрақтас қорымының 4-қорғанынан еді!

2014 ж. Ұлыбритания зертханасында Қайрақтастағы 4-қорғаннан шыққан бассүйектен дайындалған үлгі бойынша дата алынды [Beisenov 2024: tabl. 2]. Болжамдық пайыздары көрсетілген мына калибрленген мағыналарды көрсете кеткен жөн. Сигма 1, 68,3% дәлдік, бір мағына алынды: 400–364 (1.000), Сигма 2, 95,4% дәлдік, екі мағына алынды: 405–355 (0.790); 289–233 (0.210). Сигма 1 бойынша бұл қорғанның датасы IV ғ. басы немесе алғашқы 30 жылы болса, Сигма 2 бойынша алынып отырған меже, бұл V ғ. соңы – III ғ.

Көміртегілік сараптаманың жоғарғы мүмкіндіктегі мағыналары бойынша, Қайрақтастағы 4-қорған датасын біз б.д.д. V ғ. соңы мен IV ғ. бірінші жартысын қамтып жатқан кезеңмен белгілей аламыз.

Көп ұзамай, Қарағанды облысының қиыр оңтүстігінде, Балқаш көлінің аралында Тасарал-3 қорымы зерттеліп, қазылған қорғандардың Қарамола обаларына мәдени тұрғыдан жақындығы байқалды. Олардан да Ұлыбритания зертханасында даталар алынып, бұл ескерткіштер археологиялық және көміртегілік сараптаулар негізінде б.д.д. VI соңы – V ғ. мерзімделді. Маңызды қорытындылардың бірі сол, Тасарал-3 қорғандары қарамола типтес ескерткіштердің ерте сатысына жатады деген пікір айтылып өтті [Бейсенов и др. 2016; Бейсенов, Шашенов 2018].

Бүгінгі таңда осы жолдардың авторы қарамола типтес жерлеулердің датасын б.д.д. V–III ғғ. аралығымен межелейді және бұл ескерткіштер әзірше ашылмай отырған жаңа археологиялық мәдениетке тиесілі деп санайды ([қ. Beisenov 2024]).

Қорытынды пікірлер

М. Қадырбаевтың 1967–1968 жж. Шыңғыстаудың оңтүстік сілемі және Шұбартау-Балқаш өлкелерін зерттеу барысында алынған материалдары ғылыми айналымға енбеген деректер болып табылады. Ұсынылып отырған мақаланың басты мақсаты осы мәселені көтеру, ескерткіштердің

сипатын, ерекшеліктерін атай отыра, бүгінгі жағдайда оларды қарамола типтес жерлеулермен мүмкіндігінше байланыстыру еді. Талданып отырған архивтік материалда сызба, фото, сурет сынды көрнекіліктер берілмеген. Қотанемел тақырыбына арнап 1975 ж. қысқаша бір мақала жариялаған М. Қадырбаев Шыңғыстау мен Шұбартау сапарын қайталауды ойлаған да болуы керек, бірақ, қалай болғанда да ол орындалмаған. Мұның себебі, жалпы аталмыш тақырыпқа кейінірек қайта оралмауы зерттеушінің бұдан кейінгі ғылыми ізденістерден босай алмауына тікелей байланысты деп ойлаймыз. Іле-шала басталған Отырар экспедициясы аса үлкен, тым күрделі жұмысқа бағытталған құрылым болды, онда М. Қадырбаев топ жетекшісі міндетін атқарды. Қазақстандағы петроглиф зерттеу саласының негізін қалаған М. Қадырбаев осы тұста Қаратауда тындырымды ізденістер жүргізді. Ақтөбедегі Бесоба, Сынтас, т. б. өте жарқын ертесармат ескерткіштеріндегі зерттеулер соңыра Атасуға жалғасты. Атасудың өзін өте қызықтырған қола балқыту пештерін зерттеу барысында М. Қадырбаев 1982 ж. маусымында, Алматыда, 50 жасында дүниеден озды. Талантты ғалымның өзі бастап, аяқтамай, қорытынды пікірін айтпай кеткен тасмола мен қорғантас, «мұртты» обалар мен «ғұндар», петроглифтер, «савроматтар», Атасу сынды көптеген ашылымдары мен ғылыми бағыттарының бірі осы Шұбартау көнеліктеріне байланысты.

Ескерткіштердің сызбалары, т. б. көрнекіліктері табылып жатса, тек Шыңғыс-Шұбартау қорғандары емес, аталып отырған архивтік есептегі басқа да деректерді ғалымның өз атынан жариялау өте маңызды болар еді.

М. Қадырбаев Шыңғыстың оңтүстік сілемдері мен Шұбартау-Балқаштан барлығы 30 жуық қорымдарды ашқан. Деректері сақталмағанымен, бұл өте маңызды ақпарат. Бұл орындарды қайтадан ашқан күнде мәселе оларды қайта дәлдеу емес, ғылыми айналымға енгізу болып табылар еді. Жалпы, өмірден тым ерте кеткен талантты ғалымның ізімен барлаулар ұйымдастыру бүгінгінің ғылымы үшін қажетті де, нәтижелі де шара болады. Бір жағынан, өз бастамасын түбегейлі нәтижеге жеткізбей кеткен аға буын әріптестеріне деген қазіргі зерттеушілердің құрметі де көрініс табуы сөзсіз.

Солтүстік, солтүстік–шығыс Балқашты көп жыл аралаған геологтардың, А. Медоев пен М. Қадырбаевтың деректерін пайдалана отырып, тың ізденістер қоса жасалған бұндай зерттеудің бүгінгі ғылымдағы маңызы зор болмақ. Шығыс төңірегі, әсіресе Шұбартау – отандық археология ғылымындағы нағыз ақтаңдақтың бірі.

Шұбартау-Балқаш өлкелерінде қазба жасалған жеті қорым материалдары бұл аймақты мекендеген екі ірі мәдени топтан хабар береді. Бірі тасмола болса, екінші мәдени топты осы жолдардың авторы қарамола типтес ескерткіштерге жатқызады.

Тасмола мәдениетіне қарасты деректер бүгінгі ізденістерге жаңа ой салады. Шөлейт зонадағы бұл өлкелерде сонау Шідертімен тығыз байланыстағы ерте тасмола топтарының мекендеуі, тасмоланың «екінші сатысына қарасты» обалардың бар екендігі, Саяқ рудалық базасы жайлы мәлімет, осының бәрі 1968 ж. айтылған, ал қазір тіпті маңызды ақпарат санатында.

Шұбартаудағы М. Қадырбаев зерттеген ескерткіштердің екінші тобы қарамола типтес жерлеулерге жатады да, ерте усунь сатысынан әлдеқайде ертерек уақытқа барады. Ғалымның ерте усунь сатысынан қанша аса алмағанымен, бәрібір б.д.д. V–III ғғ. мерзімдеген, одан кейінгі зерттеушілер б.д.д. V ғ. тұспалдаған Қайрақтастағы екі бұйым, қола тоға мен темір ақинақ, осы ертерек уақытқа тән.

Қайрақтас-қарамола типтес жерлеулер әзірше ашылмай отырған жаңа археологиялық мәдениетті көрсетеді. Бұл мәдениеттің басты таралған ареалы Үлкен Шыңғыстың жан-жағын тұтас алып жатқан зор кеңістікті қамтиды. Қарамола жайлы алғашқы пікірлер айтылып отыр, алынып отырған жаңа дерек те бар [Beisenov 2024; Aitkali et al. 2023]. М. Қадырбаев жазып кеткен 13 нысан

қарамолаға жатады дей отыра, бұл мәдени топ бойынша қазір археологиялық деректердің жаңа және үлкен қорын түзудің зор маңызы бар екенін айтуымыз қажет. Осының барысында, яғни болашақта қарамола мен ежелгі усунь арасындағы байланыстар проблемасы, қарамола мен Локоть-4 сынды далалық Алтай өңірлерінің ескерткіштері арасындағы қарым-қатынастар, сондай-ақ, қарамола мен құлажорға байланыстары зерттелуі тиіс.

Аты әлемге танымал классик жазушы бізге «қолжазбалар отқа жанбайды» деген атақты нақылын қалдырды. Мағынасын жақсы түсінетін осы бір ұғымды біз қазір арамызда жоқ алдыңғы толқын әріптестердің архив материалдарын қарағанда еске түсіреміз. Тек қайрақтас-қарамола мәселесі ғана емес, М. Қадырбаев қалдырған басқа да деректерді бүгінгі күн тұрғысынан зерттеу ісі маңызды бағыт болып табылады. Алдыңғы буын әріптестерімізден жеткен ғылыми сауалдар мен аспектілерді толықтыруға бағытталған күрделі және өміршең үдеріс жалғаса береді.

ӘДЕБИЕТ

1 *Акишев К.А., Кушаев Г.А.* Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алма-Ата: АН КазССР, 1963. 298 с.

2 *Бейсенов А.З.* Погребальные памятники и культово-ритуальные сооружения древних номадов Центрального Казахстана (VII–I вв. до н.э.): автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алматы, 1997. 26 с.

3 *Бейсенов А.З.* О памятниках карамолинского типа в Восточной Сарыарке (вторая половина I тыс. до н.э.) // Вестник Новосибирского государственного университета. Сер. История. Филология. 2014. Т. 13. Вып. 7. С. 68–79.

4 *Бейсенов А.З*. Тасмолинская культура Центрального Казахстана в исследованиях начала XXI века // Археологія і давня історія України. 2018. Вып. 2 (27). С. 386–396.

5 *Бейсенов А.З.* Ә. Оразбаевтың Қарқаралы, Суықбұлақ қоныстарындағы зерттеулері және қорғантас типтес жерлеулер // XVII Оразбаев оқулары. Ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (25–26 сәуір, 2025 ж., Алматы қ.). Алматы: Қазақ университеті, 2025. 3–8-бб.

6 Бейсенов и др. 2015: *Бейсенов А.З., Джумабекова Г.С.*, *Базарбаева Г.А.* Искусство саков Сарыарки. Алматы: ИА; НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2015. 168 с., илл.

7 Бейсенов и др. 2016: *Бейсенов А.З., Шашенов Д.Т., Дуйсенбай Д.Б., Ахияров И.К., Кулькова М.А.* Радиоуглеродные даты из могильника сакского времени Тасарал 3 (Центральный Казахстан) // Евразия в кайнозое. Стратиграфия, палеоэкология, культуры. 2016. Вып. 5. С. 256–264.

8 *Бейсенов А.З., Шашенов Д.Т.* Новые исследования на могильнике Тасарал-3 (Центральный Казахстан) // Полевые исследования в Верхнем Приобье, Прииртышье и на Алтае (археология, этнография, устная история и музееведение). 2018 г. Вып. 14: м-лы XIV междунар. науч.-практ. конф. (г. Барнаул, 22–23 мая 2019 г.) / Под ред. М.А. Демина и др. Барнаул: АлтГУ, 2019. С. 17–28.

9 *Кадырбаев М.К*. Памятники тасмолинской культуры // Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1966. С. 303–433.

10 *Кадырбаев М.К.* Древности восточных районов Сары-Арка. Отчет. 1968. Научный архив ИА КН МНВО РК. Д. 1108. 102 с.

11 *Кадырбаев М.К*. Курганы Котанэмеля // Первобытная археология Сибири / Отв. ред. А.М. Мандельштам. Л.: Наука, 1975. С. 127–132.

12 *Королькова Е.Ф*. Звериный стиль Евразии. Искусство племен Нижнего Поволжья и Южного Приуралья в скифскую эпоху (VII–IV вв. до н.э.). Проблемы стиля и этнокультурной принадлежности. СПб.: Петербургское Востоковедение, 2006. 272 с.

13 Маргулан и др. 1966: *Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев А.М., Оразбаев А.М*. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1966. 435 с.

14 *Медоев А.Г.* Наскальные изображения гор Тесиктас и Караунгур // Труды ИИАЭ АН КазССР. 1961. Т. 12. С. 72–77.

15 *Медоев А.Г.* Гравюра на камне у гор Итмурунды // Простор. 1966. № 12. С. 102–103.

16 *Потемкина Т.М.* Алакульская культура // Советская археология. 1983. № 2. С. 13–33.
17 *Шульга П.И.* Могильник сифского времени Локоть-4а. Барнаул: АлтГУ, 2003. 204 с.
18 *Яценко И.В.* Искусство эпохи раннего железа // Произведения искусства в новых находках советских археологов. М.: Искусство, 1977. С. 43–104.
19 Aitkali et al. 2023: *Aitkali A., Zhuniskhanov A., Rakhmankulov E.* 2023. Investigation of the burial mounds of early nomads of the Irtysh river region of Semey // Kazakhstan Archeology 3 (21), 82–94. DOI: 10.52967/akz2023.3.21.82.94
20 *Beisenov A.Z.* 2024. Corgantas, Caramola, Tasmola. To the Question of the Cultural Situation in Central Kazakhstan in the Late Saka Period // Теория и практика археологических исследований 36 (3), 122–1290. DOI: 10.14258/tpai(2024)36(3).-08

REFERENCES

1 Akishev, K. A., Kushaev, G. A. 1963. *Drevnyaya kultura sakov i usuney doliny reki Ili (Ancient culture of the Sakas and Usuns of the Ili River valley).* Alma-Ata: Kazakh SSR Academy of Sciences (in Russian).
2 Beisenov, A. Z. 1997. *Pogrebalnye pamyatniki i kultovo-ritualnye sooruzheniya drevnih nomadov Tsentralnogo Kazahstana (VII–I vv. do n.e.) (Funerary monuments and cult-ritual structures of the ancient nomads of Central Kazakhstan (7th–1st centuries BC): abstract of the thesis of the Candidate of Historical Sciences).* Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
3 Beisenov, A. Z. 2014. In *Vestnik Novosibirskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Seriya Istoriya. Filologiya (Bulletin of the Novosibirsk State University. Series History. Philology*) 13, Issue 7, 68–79 (in Russian).
4 Beisenov, A. Z. 2018. In *Arkheologiya i davnyaya istoriya Ukrainy (Archaeology and Early history of Ukraine)* 2, 386–396 (in Russian).
5 Beisenov, A. Z. 2025. In: *XVII Orazbaev oqulary. gylymi-adistemelik konferentsiya materialdary (17th Orazbaev readings. Materials of the scientific and methodological conference).* Almaty: "Kazakh University" Publ., 3–8 (in Kazakh).
6 Beisenov et al. 2015: Beisenov, A. Z., Jumabekova, G. S., Bazarbayeva, G. A. 2015. *Iskusstvo sakov Saryarki (The art of the Sakas of Saryarka).* Almaty: Margulan Institute of Archaeology; "Begazy-Tasmola" Research Center of History and Archaeology (in Russian).
7 Beisenov et al. 2016: Beisenov, A. Z., Shashenov, D. T., Duisenbay, D. B., Akhiyarov, I. K., Kulkova, M. A. 2016. In *Yevraziya v kaynozoye. Stratigrafiya, paleoekologiya, kultury (Eurasia in the Cenozoic. Stratigraphy, paleoecology, cultures)* 5, 256–264 (in Russian).
8 Beisenov, A. Z., Shashenov, D. T. 2019. In: Demin, M. A. et al. (eds.). *Polevyye issledovaniya v Verkhnem Priob'ye, Priirtysh'ye i na Altaye (arkheologiya, etnografiya, ustarevshaya istoriya i muzeyevedeniye). 2018 g. (Field research in the Upper Ob, Irtysh and Altai regions (archaeology, ethnography, oral history and museology). 2018.)*. Issue 14. Barnaul: Altai State University, 17–28 (in Russian).
9 Kadyrbayev, M. K. 1966. In: Margulan, A. Kh., Akishev, K. A., Kadyrbayev, M. K., Orazbayev, A. M. *Drevnyaya kultura Tsentralnogo Kazakhstana (Ancient culture of Central Kazakhstan).* Alma-Ata: "Nauka" Publ., 303–433 (in Russian).
10 Kadyrbayev, M. K. 1968. *Drevnosti vostochnykh rayonov Sary-Arka (Antiquities of the eastern regions of Sary-Arka).* Report. Scientific Archive of the Margulan Institute of Archaeology. D. 1108 (in Russian).
11 Kadyrbayev, M. K. 1975. In: Mandelstam, A. M. (ed.). *Pervobytnaya arkheologiya Sibiri (Primitive archeology of Siberia).* Leningrad: "Nauka" Publ., 127–132 (in Russian).
12 Korolkova, Ye. F. 2006. *Zverinyy stil Yevrazii. Iskusstvo plemen Nizhnego Povolzh'ya i Yuzhnogo Priural'ya v skifskuyu epokhu (VII–IV vv. do n.e.). Problemy stilya i etnokulturnoy prinadlezhnosti ((Animal style of Eurasia. Art of the tribes of the Lower Volga and Southern Urals in the Scythian era (7th–4th centuries BC). Problems of style and ethnocultural affiliation).* St. Petersburg: "Peterburgskoye Vostokovedeniye" Publ. (in Russian).
13 Margulan et al. 1966: Margulan, A. Kh., Akishev, K. A., Kadyrbayev, M. K., Orazbayev. A. M. 1966. *Drevnyaya kultura Tsentralnogo Kazakhstana (Ancient culture of Central Kazakhstan).* Alma-Ata: "Nauka" Publ. (in Russian).
14 Medoyev, A. G. 1961. In *Trudy Instituta istorii, arheologii i etnografii (Proceedings of the Institute of Archaeology and Ethnography of the Kazakh Academy of Sciences)* 12, 72–77 (in Russian).
15 Medoyev, A. G. 1966. In *Prostor (Prostor)* 12, 102–103 (in Russian).

16 Potemkina, T. M. 1983. In *Sovetskaya arheologiya (Soviet Archaeology)* 2, 13–33 (in Russian).
17 Shulga, P. I. 2003. *Mogilnik sifskogo vremeni Lokot-4a (Burial ground of the Scythian time Lokot-4a).* Barnaul: Altay State University (in Russian).
18 Yatsenko, I. V. 1977. In: *Proizvedeniya iskusstva v novykh nakhodkakh sovetskikh arkheologov (Works of art in new finds of Soviet archaeologists).* Moscow: "Iskusstvo" Publ., 43–104 (in Russian).
19 Aitkali et al. 2023: Aitkali, A., Zhuniskhanov, A., Rakhmankulov, E. 2023. In *Kazakhstan Archeology* 3 (21), 82–94. DOI: 10.52967/akz2023.3.21.82.94
20 Beisenov, A. Z. 2024. In *Teoriya i praktika arheologicheskih issledovanij (Theory and practice of archaeological research)* 36 (3), 122–1290. DOI: 10.14258/tpai(2024)36(3).-08

About the Author
Beisenov Arman – Candidate of Historical Sciences, director, "Begazy-Tasmola" Research Center of History and Archaeology, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0003-2524-264X E-mail: azbeisenov@gmail.com

Автор туралы мәліметтер
Бейсенов Арман Зияденұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, директор, «Беғазы-Тасмола» тарих және археология ғылыми-зерттеу орталығы, Алматы қ., Қазақстан

Сведения об авторе
Бейсенов Арман Зияденович – кандидат исторических наук, директор, Научно-исследовательский центр истории и археологии «Бегазы-Тасмола», г. Алматы, Казахстан

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов / Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 03.03.2025.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 12.05.2025.